

Әйтеке би ауданы Ақтасты ауылдық округі Ақтасты ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Әйтекеби ауданы Ақтасты ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 02 шешімі. Ақтөбе облысы Әйтекеби аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 7 наурызда № 3-2-138 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Ақтасты ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 8 сәуірдегі № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Ақтасты ауылдық округі әкімінің 08.04.2019 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Әйтеке би аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 30 қаңтардағы №2-7/11 ұсынысының негізінде, Ақтасты ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әйтеке би ауданы Ақтасты ауылдық округінің Ақтасты ауылы аумағында ірі мүйізді қара малдарының арасынан сарып ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ақтасты ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданы әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

